



Сорос-Қазақстан қоры

Жылдық есеп

2013

Мазмұны

Кіріспе сөз	3
I. Адам құқықтары	6
1.1 Адам құқықтары күні – сенің күнің!	8
1.2 Бәріне білім беру	10
1.3 Паллиативтік көмек: ұлттық стандарт	12
II. Ашықтық және есептілік	14
2.1 Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі	16
2.2 Сандық медиа картасы: Қазақстан	18
2.3 Қазақстан ӨҚАБ-на (ИПДО) сәйкестігін растады	20
III. Азаматтық белсенділік	22
3.1 Азаматтық қоғамды дамыту бойынша бастамалар	24
3.2 Әлеуметтік өнер және жастар	26
3.3 Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамту	28

Кіріспе сөз

Құрметті оқырмандар,

Қолдарыңызда Сорос-Қазақстан қорының (СҚҚ) 2013 жылғы жұмысының қорытындысы туралы баяндайтын дәстүрлі жылдық есебін ұстап отырсыздар. Мен кіріспе сөзімде өткен жылға шолу жасаудан тыс, Қор 2010-2013 жылдары аралығында жұмыс істеген стратегияға бірқатар қорытынды жасағым келіп отыр.

Стратегияда Қор өз рөлін алғаш рет мемлекет пен бизнес диалогында қоғамдық саясатты қалыптастыру барысында азаматтық қоғам дауысының барынша естілуіне мүмкіндік беретін делдал ретінде анықтады. Біз басынан-ақ азаматтық қоғам мен мемлекет арасында дұрыс теңгерім табу оңай болмайтынын түсіндік, алайда «мүмкіндіктер терезесі» ашылып жатқан салаларда өз үлесімізді қосу керектігін сездік.

Мәселен, Қор өндіруші сала қызметтерінің ашықтығы бастамасы (ӨҚАБ) бойынша қызығушылық білдіретін тараптардың ұлттық кеңесінің жұмысына қатысып, азаматтық қоғам ұйымдарына қолдау көрсетіп, соның нәтижесінде Қазақстан 2013 жылы ӨҚАБ-ның барлық талаптарына жауап беретін елдің мәртебесін алды. 2012 жылы Қор, азаматтық қоғам ұйымдары және Үкіметтің

өзара әрекеттесуі Қазақстанның Бюджет ашықтығы индексіне көтеруге (38-ден 48-ге дейін) мүмкіндік берді.

Қордың қолдауымен паллиативтік көмек көрсетудің Ұлттық стандарты дайындалып, қабылданды. Бұл Денсаулық сақтау Министрлігі, сарапшылар мен Үкіметтік емес ұйымдарының бірлескен әрекетінің нәтижесінде болды.

Сонымен қатар, Қор еліміздің сандық таратуға көшу мәнісінде «Телерадиотаралым туралы» заң жобасын талқылауға арналған бірқатар кездесулерді қолдады. Билік, БАҚ және ҰЕҰ-ның диалогы нәтижесінде заңға тәуелсіз телерадиотаратушылардың құқын қорғайтын бірқатар айтулы өзгерістер енгізуге мүмкіндік туды.

Осы ретте, азаматтық қоғам, мемлекет пен бизнес өкілдерінің ұстанымдары арасында байланыс нүктелерін табу мүмкін болған жағдайларда СҚҚ процестердің «катализаторы» ретінде шығып, қоғамдық мүддені қорғайтын саясат дайындауға көмектесетін.

Алайда, өкінішке орай, барлық «мүмкіндіктер терезесі» ашылды деп айта алмаймыз. Мәселен, Қазақстан

заңнамасын ырықтандыруды уәде еткен Қазақстанның ЕҚЫҰ (ОБСЕ) төраралығына көп үміт артылды. Қор осы төрағалық аясында азаматтық қоғамның Паралельдік конференциясын есепке ала отырып, бірқатар форумдарды қолдады. Алайда айтарлықтай өзгерістер болмады. 2012-2013 жылдары Қор қазақстандық заңнаманы халықаралық стандарттарға және адам құқықтары саласындағы талаптарға сәйкестікке келтіруге бағытталған салада жұмыс істейтін ұйымдарды қолдауды жалғастырды, сонымен қатар, құқыққорғаушы ұйымдардың әлеуетін арттыруға назар бөлді.

2010-2013 жылдардағы стратегияға енген жаңалықтар арасында ерекше мақтан тұтатын жобаларды атап өткім келеді. Бұл – аймақтық ҰЕҰ-ның әлеуетін арттыру бойынша пилотты жоба және он-лайн медиа, әсіресе, аймақтық басылымдар мен қазақ тілінде жазатын басылымдарға қолдау көрсету. Елімізде жергілікті азаматтық қоғамды дамытпай және барлық процестерге аймақтарды тартпай отырып, жалпы ашық қоғам қағидаларын жылжыту туралы айту мүмкін емес деп есептейміз.

Жастарға бағытталу және ашық қоғам құндылықтарын қалыптастыру, яғни, өсіп келе жатқан ұрпақтың санасын-

да адамгершілігі мол, толерантты және әділ қоғамды қалыптастыру – Қор қызметінің әлеуеті болып қала бермек. Осы салада тиімді жобалар ретінде жастар арасында өткізілетін «Әрекет ет!» шағын гранттар байқауы, «Көзіңді аш» әлеуметтік роликтер байқауы және Жастар бағдарламаларының өзге бастамалары мысал бола алады.

Жалпы, біздің пікірімізше, алға қойған мақсаттар мен міндеттердің көбін жүзеге асырдық. Бұл өз кезегінде бізге ары қарай жұмыс істеу үшін мақтаныш пен ынталандыру болды. Қор қызметкерлері көп күш жұмсады, ойлар мен креативті ұсыныстар айтып отырды. Қамқоршылар кеңесінің атынан қор қызметкерлеріне еңбектері үшін алғыс білдіре отырып, Басқарма Төрағасы Антон Артемьевтің бастамасымен күш-қуаты мол, қалыптасқан ұжым елімізде ашық қоғам құндылықтарын жылжыту жолында одан әрі қызмет ете беретініне сенім білдіремін.

Ізгі ниетпен,

Наргис Қасенова,

Сорос-Қазақстан қорының Қамқоршылар кеңесінің төрайымы

I. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Қазақстанның әлеуметтік-эконкомикалық жағдайы айтарлықтай жақсарған тұста, адам құқықтарын сақтау саласындағы жағдай өзгеріссіз қалып отыр: саяси құқықтар және азаматтық еркіндік жөніндегі халықаралық рейтингілер Қазақстан қоғамын «еркін емес» деп анықтайды. Сонымен қатар елімізде үлкен заңнамалық өзгерістер өтуде. Осындай жағдайда, адам құқықтары әрқашан алдыңғы қатарға шыққаны, ал түрлі саладағы реформалар адам құқықтарына негізделі отырып жасалғаны жөн. Сорос-Қазақстан Қоры осындай жолды ұстанады.

Жыл сайын 10 желтоқсан – Дүниежүзілік адам құқықтарын қорғау күні, Қор адам құқықтарын құрметтеу және оларды ұстану қажеттілігіне қоғамның назарын аударуға бағытталған шараларға қатысады. Ар-ождан, әділдік және теңдік құқығы

паллиативтік көмек пен инклюзивтік білім беру салаларының негізі болып табылады.

2013 жылы Қор инклюзивтік білім беру саласында бірқатар маңызды жобаларды, негізінен ерекше қажеттіліктері бар балалар бар топтар немесе сыныптарда жұмыс істеудің түрлі нюанстарын есепке алатын оқыту бағдарламалары бойынша орта мектептердің мұғалімдерін дайындауға бағытталған жобаларды қолдады.

Сорос-Қазақстан қоры өз бағдарламаларында еліміз үшін салыстырмалы түрде жаңа сала – ауруды басқарумен қатар ауыр халдегі адамдар мен олардың туысқандарының психоәлеуметтік және рухани қамқорлық көрсету құқықтарын көрсететін кешенді жүйелер шегі - паллиативтік көмекті енгізу процесіне үлкен мән бөліп келеді.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ КҮНІ – СЕНІҢ КҮНІҢ!

2013 жылғы 10 желтоқсан Адам Құқықтары Жалпы Декларациясының қабылданған 65-жылдығына орай, Сорос-Қазақстан қоры Қазақстандағы Freedom House кеңсесімен бірлестікте белгілі құқыққорғаушылар, белсенділер мен студент жастармен Адам құқықтары күнін атап өтті. Шара «Адам құқықтары күні – сенің күнің!» ұранымен өтті.



Аталмыш шараның мақсаты адам құқықтары тақырыбын қарапайым тілмен түсіндіру және талқылау үшін бейресми қоғамдық алаң ұйымдастыру. Қазақстандағы Freedom House ұйымының басшысы **Виктория Тюленева** былай дейді: «Алдымызға қойған басты мақсаттардың бірі – адам құқықтары тақырыбына қалың көпшіліктің назарын аудару. Біз оларға нақты адамдардың – белгілі құқыққорғаушылардың мысалында басынан кешкендерін айтып, осы арқылы жастардың адам құқықтары үшін жаһандық қозғалысына қызығушылығын арттыруды көздеген едік».

Бағдарлама аясында қатысушыларға Нельсон Мандела, Махатма Ганди, Элеонора Рузвельт, Аун Сан Су Ки, Андрей Сахаров, Вацлав Гавел, Вэй Шин-шень, Илай Уизел, кіші Мартин Лютер Кинг, Оскар Ариас Санчес және т.б. сынды бүкіл әлемге танымал құқыққорғаушылар мен белсенділер туралы шағын презентация ұсынылды.

Сондай-ақ қазақстандық суретші Мұрат Алимовтың «Сөзсіз әңгіме» атты карикатуралар көрмесі өтті. Көрмеге еркіндік, теңдік, толеранттылық және заң үстемдігі тақырыптарына 20 жұмыс қойылды. Көрме қатысушыларға адам құқықтары тақырыбына шығармашылық адамдардың көзімен қарауға мүмкіндік берді.



Шара қатысушылары бейресми жағдайда «Көк жайлауды қорғайық», «Менің үйім», «Liberty», «Қазақстан жастарының ақпараттық қызметі» және т.б. ұйымдардың танымал

қазақстандық құқыққорғаушылар және белсенділермен пікірлесу мүмкіндігіне ие болды. Барлық құқыққорғаушылар өз сөздерінде адам құқықтары әр жеке адамнан – ауласынан, достары мен әріптестерінен, оның азаматтық ұстанымынан және қоғамдағы түрлі заң бұзушылықтарға шыдамсыздық танытуынан басталатыны туралы ортақ пікірге келді.

*«Біз, құқыққорғаушылар – қалқан және дәнекер рөлінде болуға өз таңдауын жасаған адамдармыз. Біздің мақсатымыз әр қадам, әр жыл сайын жүйелі және дәйекті түрде жағдайды өзгерту және адам құқықтарын қорғау мәселелерін шешу. Елімізде болатын жағдайлардың бәрі қоғамның реакциясын тудыру керек, осы реакцияны қалыптастыратын дәнекер болып құқыққорғаушылар табылады. Егер біз оны жасамасақ, онда әрдайым бірдей фобия мен үрейлерді өндіреміз», – дейді қазақстандық құқыққорғаушы **Ғалым Ағелеуов**.*

Сорос-Қазақстан қоры өзге қызығушылық білдірген серіктестермен бірге адам құқықтары, оның ар-ожданы мен тұлға еркіндігіне қоғамның сенімін бекіту мақсатында осы сынды шараларды жыл сайын түрлі форматта өткізуді жос-парлап отыр.

БӘРІНЕ ОРТАҚ БІЛІМ

Бүгінде қазақстанда әрекет ететін білім беру жүйесін жаңалаудың негізгі мақсаттарының бірі инклюзивтік білім беру саласында отандық педагогтардың біліктілігі арттыру және дайындау процесіне бірқатар өзгерістер енгізу болып табылады. Бұл оқыту бағдарламаларын айтарлықтай қайта қарастыру, сыныпта жұмыс істеудің жаңа үлгілеріне оқыту, тәжірибемен алмасу бойынша пилоттық алаңдарды құру және т.б. қажет етеді.

Сорос-Қазақстан қорының 2013 жылғы инклюзивтік білім беру саласындағы жобалары дәл осы міндеттерге қол жеткізу үшін бағытталған болатын. Осылайша, Қордың қамқорлығымен, «Барлығы үшін мектеп» ҚҚ-ның бастамасымен 2013 жылы Қазақстан Республикасы ЖОО-ның педагогикалық мамандықтары үшін «Инклюзивтік білім беру негіздері» атты арнаулы курс дайындалған болатын.

Жобаның негізгі жетістіктері – жаңа пәннің оқыту бағдарламасы мен оқыту құралы екі күндік оқыту тренингісі аясында авторлық ұжыммен ұсынылды. Оған Қазақстанның 20 педагогикалық жоғары оқыту орындарының 38 ұстазы мен Тәжікстан Республикасының осы сынды білім беру мекемелерінен әріптестері қатысқан болатын. Тренинг қатысушылары инклюзивтік білім беру жөніндегі халықаралық кеңесші **Мишель де Фоссе** (Университет Северной Каролины, США) ұсынған инклюзивтік білім беру саласында халықаралық тәжірибемен танысу мүмкіндігін алды.



Осымен қатар, педагогикалық ЖОО-ның оқытушыларына инклюзивтік сыныптарда тәжірибелік сабақтар өткізудің интерактивтік стратегиясы көрсетілді. Шараның барлық тақырыптық секцияларында орын алған белсенді пікірталас инклюзивтік білім беруге көшу реформаларының күрделілігін және түрлілігін көрсетті. Педагогикалық ЖОО-ның оқытушылары мүгедектігі бар балалар үшін инклюзивтік білім беру үлгісі ең оңтайлы үлгі болып табылатындығы және әр баланың құқығын толыққанды жүзеге

асыруға барынша кепілдік беретіндігі туралы пайдалы және маңызды ақпарат алды.

Жобаның жалғасы ретінде 2014 жылы облыстық педагогикалық жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықта ҚР бес аймағында оқыту тренингтерінің ұқсас сессиясы өткізіледі.

Барлық оқушыларға сапалы білім беруге бағытталған **инклюзивтік білім беру үлгісін дайындау және енгізу бойынша таныстыру жобасы** осы саладағы маңызды шаралардың бірі болды. Жоба Ақмола облысындағы Бұрабай ауданы, Щучинск қаласындағы жалпы типтегі мектеп-интернат, Зеренді ауданындағы Абай орта мектебі, Степногорск қаласындағы Ю. Гагарин атындағы №7 және Көкшетау қалаларындағы №4 және №18 орта мектептерінде пилоттық жоба ретінде «Азаматтық білім беру ғылыми-практикалық орталықтың» ҚҚ-мен жүзеге асырылды. Жобаның мектептік топтары үш 3-күндік оқыту семинарлары барысында инклюзивтік оқыту мекемелерінің жұмыс істеу қағидаларымен, лайықты инклюзивтік білім беру тәжірибелерінің көрсеткіштері мен критерийлері, инклюзивтік білім беру үлгісін ендіру бойынша мектептердің стратегиялық жоспарын дайындау рәсімдерімен танысты. Алынған білімдердің негізінде барлық аталған мектептер жеке мәнмәтін мен мекеменің негізгі міндеттерін ескере отырып, даму жоспарларын ұсынды.

2014 жылы жоба аталған мектептердің бірінде инклюзивтік білім беру бойынша Ресурстық орталықты құрумен жалғасады.

2013 жылы Сорос-Қазақстан қоры «Құқықтық реформа» бағдарламасы аясында **Инклюзивтік білім беру саласында жо-**

баларды жүзеге асыруға қазақстандық ҰЕҰ-дар, білім беру мекемелері, тәуелсіз зерттеу топтары арасында байқау жариялады. Байқауды ҚР Алматы («Солнечный круг» ҚБ), Орал («Достық Алаңы» балалар мен жастар қоғамдық бірлестігі, «Қайсар» Білім беру орталықтары), Қарағанды («Кредо» ҚБ), Шымкент («Назым-Шымкент» ҚБ) және Павлодар («Болашақ» ҚБ Павлодардағы облыстық өкілдігі) сынды бес облыстық қаласының 6 қазақстандық ҰЕҰ жеңіп алды.

Жоба нәтижелері инклюзивтік білім беру саласында біліктілікті арттыру бойынша дайындалған курстарда қазақ тілінде ақпараттық-әдістемелік материалдарда, тренингтерде, әлеуметтік роликтерде, инклюзивтік білім беру мәселелері бойынша ақпараттық түсіндіру шараларының қоғамдық серияларында көрінісін тапты.

Дәйексөз

Мишель де Фоссе, инклюзивтік білім беру бойынша халықаралық кеңесші:

«Мұғалімдерді дайындау – инклюзивтік білім беруді алға жылжытуда маңызды әрі қиын қадамдардың бірі. Педагогикалық университеттердің ұстаздары инклюзивтік білім беру идеясын белсенді түрде қолдауы, ал инклюзивтік білім беру пәні болашақ мұғалімдерді дайындау жалпы бағдарламасына енуі маңызды. Инклюзия толық түрде жүзеге асу үшін мұғалім басынан барлық балалар бір сыныпқа баруға, білім алу үшін ортақ мүмкіндік алуға құқылы екенін түсінуі керек».

ПАЛЛИАТИВТІК КӨМЕК: ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТ

Қазақстан Республикасында паллиативтік көмек көрсетуді дамытудың кешенді мәселелері өз бастауын 2008 жылы дайындалған «Қазақстан Республикасында паллиативтік көмек көрсету жағдайы» зерттеуінен алады. Сол кезде денсаулық сақтау саласында үкіметтік емес ұйымдармен және сарапшылармен жүргізілген зерттеу елімізде паллиативтік көмек көрсету жүйесі қалыптасу деңгейінде екендігін және заңнаманы жетілдіру саласында бірқатар реформаларды талап ететіндігін, паллиативтік көмек көрсетудің заманауи тәжірибелеріндегі баламалы үлгілерін, білім беру компонентін дамыту және осы мәселелер бойынша жұртшылықты хабарландыру керектігін көрсетті.

Сол уақыттан бері паллиативтік көмек көрсету жүйесінде бірқатар өзгерістер орын алды. Шарықтау шегі 2013 жылдың соңында Қазақстанда паллиативтік көмек көрсетудің Ұлттық стандартының қабылдануы болып табылады. Құжат мемлекеттік деңгейде паллиативтік көмек көрсету саласын өзге медициналық-әлеуметтік қызметтермен қатар реттейді.

Қабылданған паллиативтік көмек көрсетудің Ұлттық стандарты паллиативтік көмекті дамыту саласында жұмыс істейтін бір топ шетел сарапшыларының, ҰЕҰ мен Қазақстанның мемлекеттік құрылым өкілдері жұмысының жемісі мен нәтижесі болып есептеледі.



Сонымен қатар, 2013 жылы Сорос-Қазақстан қорының көп жылғы серіктестері – «Кредо» ҚБ, «Вместе против рака» ҚҚ, «Адамгершілік» паллиативтік және әлеуметтік көмек көрсетудің жастар еріктілер орталығы, «Амазонка» ҚҚ Паллиативтік көмек көрсету бойынша Қазақстан қауымдастығын құру бастамасын көтерді. Қауымдастықтың миссиясы – Қазақстанда паллиативтік көмек көрсетудің кешенді жүйесін құру және дамыту. Алдағы уақытта Қауымдастық мүшелері паллиативтік көмек дамытудың ұлттық жоспарын дайындап, ақпараттық-ресурстық базаны және паллиативтік көмек көрсетудің ғылыми-зерттеу саласын құруды жоспарлап отыр.

Қазіргі уақытта Қазақстанның 7 қаласында паллиативтік көмек көрсетілуде. Қазақстанда паллиативтік көмекке онкологиялық, хроникалық, сырқаты дамып, күшейе түскен, инсульт пен инфаркты басынан кешкендер, СПИД-тан және туберкулездің кейбір формаларынан өлімге душар жандар және қартайған азаматтар зәру.

Гүлнар Кунирова, Қазақстан паллиативтік көмек көрсету қауымдастығының президенті:
«Қордың тікелей қатысуымен дайындалған паллиативтік көмек көрсету бойынша ұлттық стандарт нағыз жарып шыққан құжат болып, барлық идеологияны тарату, білім беру бөлшегі, институционалдық даму, хоспис, амбулаторлық көмек пен үй жағдайында көмек көрсетуге қолжетімділікті кеңейту, емдеудің заманауи клиникалық хаттамаларын енгізу, балаларға паллиативтік көмек көрсету және т.б. бағыттар бойынша осы идеяларды жылжытуға мүмкіндік жасады».

2013 жылы Хосписстер мен паллиативтік қызметтердің Дүниежүзілік күні (қазанның екінші сенбісінде өтеді) «Паллиативтік көмекті жалпы қамтуға жеткізу: мифтерді ашкерелеу» ұраны бойынша өткізілді. Осыған орай, қордың серіктесі – «Павлодар облысының медбикелерінің қауымдастығы» Павлодарда асқынған ауруға шалдыққан емделушілер мен олардың жақындарының өмір сүру сапасын жақсарту бойынша қызметті қолдау үшін қалалық қоғамдық акция өткізді. Бір ай ішінде павлодарлық белсенділер қаланың қоғамдық орындарында ақпараттық кампаниялар өткізді, жергілікті БАҚ-та ТВ және радиобағдарламалар өткізді. Сондай-ақ, Алматы мен Астана қалаларының бірқатар кинотеатрларында «Вместе против рака» ҚҚ-мен құрылған «Паллиативтік көмекті қолда» бейнебаянының көрсетілімі ұйымдастырылды.

Халықаралық хоспис және паллиативтік қызмет күні қарсаңында «Аман-саулық» ҚҚ-мен ынтымақтастықта «Радиоточка» пікірталас алаңында «Өмірмен қоштасқалы жатқан адамға қалай көмектесуге болады және неге Қазақстанда паллиативтік көмекке қолжеткізу қиын?» деген арнайы тақырып бойынша пікірталас өтті. Оған Алматы қаласы паллиативтік көмек көрсету орталығының өкілі, «Аман-саулық» ҚҚ-ның президенті Бахыт Түменова, паллиативтік көмек көрсетудің мультидисциплинарлық тобының дәрігері Сергей Гасявичус және психолог Оксана Окульская қатысты.

«ELNEC өмір соңында көмек көрсету» деп аталатын паллиативтік қызмет медбикелеріне арналған халықаралық сертификатталған семинары Қордың паллиативтік көмек көрсетудің білім беру бөлігін дамыту жолындағы академиялық саламен алғашқы ынтымақтастығы болып табылды. Паллиативтік Көмек Көрсетудің Халықаралық Бастамасының шақыруымен және қолдауымен келген АҚШ, Румыния мен Англиядан бес лектор Қазақстанның онкодиспансерлерінің 40 дәрігері мен медбикелеріне және ҰЕҰ өкілдері үшін бір апталық оқыту семинарын өткізді. Семинар барысында оның қатысушылары паллиативтік көмек көрсету бойынша 10 білім беру модульдері бойынша жаңа білім мен машық алды, емделушілерге және олардың туыстарына ауыр сырқат кезінде және орны толмас қайғыға душар болғанда қолдау көрсету бойынша өзара тәжірибе алмасты.

II. АШЫҚТЫҚ ПЕН ЕСЕПТІЛІК

2013 жылы екінші рет жүргізілген жергілікті бюджеттің ашықтығы зерттеуі Қазақстанның барлық аймағында бюджеттік процестердің ашықтығы мен есептілігі деңгейінің «орташадан төмен» екендігін көрсетті.

Алайда азаматтардың бюджеттік ақпаратқа қолжетімділігі мен олардың мүдделеріне қатысты шешімдерді қабылдау процесіне қатысу адамның негізгі құқығы болып табылады. Жергілікті бюджет ашықтығы индексінің нәтижесі жергілікті деңгейде бюджет ашықтығы мен есептілігін көтеру, барлық мүдделі тараптарды бюджеттік процеске тарту саласында үлкен мүмкіндіктердің бар екендігін көрсетті.

Осы ретте есептілік пен ашықтықты арттыру саласында билік, бизнес және қоғам арасындағы тиімді ынтымақтастықтың тамаша мысалы болып өндіруші өнеркәсіптерде табыс ашықтығы бойынша халықаралық стандарт болып табылатын өндіруші өнеркәсіп қызметтерінің ашықтығы бастамасы

табылады (ӨӨАБ, EITI). Қазақстан Республикасы ӨӨАБ-ға 2005 жылы қосылды және араға 9 жыл салып осы стандартқа толығымен жауап береді деген мәртебені растай алды.

Ақпаратқа қолжетімділік және оны тарату ақпараттық технологияларды қолданумен тығыз байланысты. Ортақ ақпараттық кеңестікті қалыптастыру Мемлекеттік және ұлттық технологияларды дамытудың заманауи тренді болып табылады. Қазақстанның сандық телетаратылымға көшуі осы саладағы маңызды шаралардың бірі болып табылады. Телерадиотаратылымды сандық форматқа көшіру жаңа экономиканың дамуына айтарлықтай екпін береді: отандық құрал-жабдықтарды шығарушыларды тапсырыстармен қамтамасыз етіп, жиілікті тиімді пайдалануға және «сандық дивиденті» босатуға мүмкіндік береді. Дәл осы үшін Қор бағдарламасында телеарналардың сандық таратылымға көшу саласындағы жобаларға ерекше орын бөліп, «Сандық БАҚ картасы» жаһандық зерттеуін өткізуге қолдау көрсетті.

ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕРДІҢ АШЫҚТЫҚ ИНДЕКСІ

2013 жылы Қазақстанның Ұлттық бюджеттік жүйесі Сорос-Қазақстан қорының «Мемлекеттік қаржының ашықтығы» бағдарламасының және «Халықаралық бюджеттік серіктестік» (IBP – International Budget Partnership) ұйымының сарапшылық қолдауымен жергілікті бюджеттің ашықтығы кезекті зерттеуінің нәтижелерін жариялады.


Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі 2012 жылы Қазақстан Республикасының барлық 16 әкімшілік территориялық бірлігінде жинақталған зерттеу мәліметтері негізінде құрылды. Индекс зерттеуінің әдістемесіне сәйкес, жұмысқа жергілікті азаматтық қоғам өкілдері (ЖОО ұстаздары, сарапшылар, тәуелсіз зерттеушілер және т.б.), сонымен қатар жергілікті бюджеттің дайындалуы, бекітілуі, жүзеге асуы, немесе қадағалануына тікелей қатысы бар мүдделі мемлекеттік құрылым қызметкерлері тартылды.

Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі бюджеттік процестің тиімділігін өлшеудің маңызды және пәрменді құралын құрайды. Ол аудан, облыс, қалалық және республикалық маңызға ие қала, және өз бюджеті бар елорданы қоса жергілікті деңгейде бюджеттік процестердің ашықтық деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Қазақстанның түрлі аудандарындағы көрсеткіштер бүкіл республика бойынша бюджеттік процестердің айырмашылықтарын анықтап, жергілікті басқару органдарын ақпарат ашықтығын арттыруға ынталандырады. Индекс сондай-ақ қай аймақтың өз азаматтарына бюджеттік процеске қатысуға көбірек мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі құрастыруда 2006 жылдан бері дайындап келе жатқан Халықаралық бюджеттік серіктестік халықаралық ұйымымен (International Budget Partnership, IBP) дайындалған бюджет ашықтығының Индексі (Open Budget Index, OBI) негізге алынды.

Жергілікті бюджеттің ашықтық индексі жергілікті деңгейде бюджеттік процестердің ашықтығы бойынша сарапшылардың сауалнамасы (барлығы 60 сұрақ) негізінде дайындалды. Индекс қалың көпшілікке 2013 жылы ұсынғанына қарамастан, ол 2012 жылдың мәліметтері негізінде

ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІҢ АШЫҚТЫҚ ИНДЕКСІ



35

- жергілікті бюджеттің
ашықтығы бойынша мүмкін
100 балдан Қазақстан
аймақтарындағы орташа балл

құралды. Жергілікті бюджеттің ашықтық индексінің жалпы нәтижелері бюджеттік ақпаратқа қолжетімділіктің және аймақтық деңгейде бюджеттік процес ашықтығының төмен көрсеткіштерін көрсетті.

Өкінішке орай, жергілікті бюджеттің ашықтығы мен есептілігіне берілетін және барынша жоғары 100 балды құрайтын бағаны еш облыс алмады. Қазақстан бойынша орташа баға 35 балды құрады.

Осылайша, жоспарлау процесінің ашықтығы мәселелері мен жобаның бюджетін дайындауда жергілікті органдар орташа есеппен 21 балл жинады. Өзге көрсеткіш – бюджеттің қаралу мен бекітілу процесінің ашықтығы орта есеппен 46 балл, бюджетті орындау процесінің ашықтығы – 39 балл, және «бюджеттің орындалуы туралы жылдық есеп» бөлімі бойынша мүмкін 100 балдың орташа есеппен 35 балы алынды.

Осы ретте, жергілікті деңгейде бюджеттік процестерді жақсарту үшін бюджеттік шығындарды талқылау мен жоспарлауда жұртшылықты тарту, сонымен қатар, аймақтағы бюджеттік қарым-қатынастардың тиімділігіне қоғамдық бақылау орнату бойынша үлкен мүмкіндіктердің бар екендігін айтуға болады.

Дәйексөз

Жанибек Хасан, «Zertteu Research Institute» ҚҚ-ның директоры

«Бюджетті қалыптастыру және орындау бәріне, соның ішінде халықтың осал топтарына да әсер етеді. Қазақстандықтардың басым бөлігі еліміздің бюджетін қалыптастыру процесіне төмен ақпараттану деңгейі мен мемлекеттік құрылымдардың лайықты ашықтығы мен есептілігінің жоқтығы салдарынан қатысу мүмкіндіктері бола бермейді. Сонымен қатар, қоғамның және ҰЕҰ-ның шешімді қабылдау процесіне белсенді қатысуы азаматтардың негізгі құқықтарының бірі болып табылады. Экономикалық тұрғыдан бюджеттік қаражатқа қоғамдық бақылау олардың мақсатты пайдалануына және мемлекеттік даму бағдарламаларының тиімділігін арттыруға алып келеді».

Есептің толық нұсқасын мына [сілтеме](#) арқылы таба аласыздар.

САНДЫҚ МЕДИА КАРТАСЫ: ҚАЗАҚСТАН

Сорос-Қазақстан қоры сандық телерадиотаратылымды енгізу мәселелерін талықалудың белсенді мүшесі болып табылады. Себебі электрондық БАҚ-ты мемлекеттік реттеуге қоғамдық мониторинг жасау, сонымен қатар, мемлекеттік емес аймақтық таратушыларға бағытталған ақпараттық кампания Қордың стратегиялық әлеуеттерінің бірі болып табылады. «Сандық БАҚ картасы» жаһандық зерттеуі «Ашық қоғам» қорымен 2010 жылдан бері әлемнің 60 елінде өткізілді. Өзінің ауқымы бойынша бұл зерттеудің географиясы алғашқы БҰҰ қатысушыларының картасымен сәйкес.

Зерттеу тұсаукесері қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 2013 жылы Астанада Қазақстанның Телетаратушыларының Ұлттық қауымдастығы ұйымдастырған «Сандық кезеңдегі телерадиотарату: жаһандық тенденциялар мен бүгінгі Қазақстан» форумы аясында өтті.

«Сандық медиа картасы» – Қазақстан үшін сандық форматқа көшу мен ақпараттық технологиялардың жылдам дамуы БАҚ плюрализміне және азаматтардың қоғамдық маңызы бар ақпараттарға қалай әсер ететіндігін зерттеуге бағытталған алғашқы көлемді зерттеу. Сандық форматқа көшу тенденциясы баяу жүріп жатқан елдерде жоба нарық ойыншылары мен өзге мүдделі тараптарды осы өзгерістерге оның шешіміне әсер ету үшін қатысуға шақыруға бағытталған.

2012 жылдың шілдесінде Қазақстанның Алматы, Астана, Қарағанды, Жезқазған және Жаңаөзен қалаларында сандық теле-



радиотаратылым іске қосылды. «Икс» уақытын күтпестен, сандық форматқа әзірге тестік режимде көше отырып, сөзсіз, мемлекет қосымша шығындарға тап болуда. Десек те, бұл өз кезегінде өте дұрыс қадам.



Қор серіктестерінің бағалауы бойынша, 2015 жылдың маусымында аналогтық таратылымды толық өшіру нәтижесінде қарапайым антенна арқылы белгі алатын әр екінші қазақстандық телеарна қолжетімсіз болып қалуы мүмкін. Сандық форматқа көшуден сәтті өткен батыс елдерінде ресиверлерді алуы керек халықтың саны басынан 10% аз санды құрады. Ал 2012 жылы «сандық форматқа көшу» аяқталған Ұлыбританияда сандық формат туралы халыққа толыққанды түсіндіру жұмыстары аналогтық таратылымды өшіру белгіленген ресми уақыттан 4 жыл бұрын жүргізілді.

Қолданушылар үшін сурет сапасының жақсаруы сынды технологиялық артықшылықтан өзге сандық формат мемлекетке айтарлықтай қосымша пайда алып келуі мүмкін және өз кезегінде кез келген өзге мемлекеттік қаржы ретінде қоғамдық бақылауға тап болуы тиіс.

Сандық телерадиотаратылымға көшу Қазақстан үшін жаңа коммуникациялық технологиялардың дамуымен байланысты, ол өз кезегінде азаматтарымыздың өмір сүру сапасын айтарлықтай жақсартады. ЕО елдерінде сандық телерадиота-

ратылымды енгізуден табыс 250 млрд. евро құрғанын ескерсек, Қазақстан үшін де бұл кампания айтарлықтай «сандық пайда» алып келуі мүмкін.

Жалпы, сандық форматқа көшу онсыз да жұпыны еліміздің медиа-ландшафтын қысқарту арқылы жүзеге аспағаны маңызды. Тәуелсіз сарпашылардың үнемі көтеретін телерадиожиіліктердің тапшылығы мәселесі шектеуші фактор болуы мүмкін емес. Жиілік спектрін дұрыс бөлу жаңа телеарналарды ашу үшін көптеген техникалық мүмкіндіктер береді. Мәселен Индияда былтыр «сандық форматқа көшу» аяқталды, ал міндетті тегін пакен шамамен 100 телеарнаны құрады.

Дәйексөз

Шолпан Жақсыбаева, Қазақстан ТҰҚ-ның атқарушы директоры:

«Қазақстан Республикасының байланыс және ақпарат агенттігіне «сандық дивидентті» бөлу туралы ұсынысты жариялап, оны талқылауға азаматтық қоғам мен сала өкілдерін шақыру керек. Республикалық және аймақтық ірі таратушылар, азаматтық қоғам өкілдері осы ақпаратпен қазірден бастап таныс болуы тиіс деп ойлаймын. «Сандық форматқа көшу» аяқталғанда телерадиотаратылымға арналған жиілік спектрі Еуропаның кейбір елдерінде болғандай ұялы байланыс операторларының пайдалануына беріліп кетпесін».

Есептің толық мәтінін келесі [сілтеме](#) бойынша таба аласыздар.

ҚАЗАҚСТАН ӨӨАБ СӘЙКЕСТІГІН РАСТАДЫ

2013 жылдың күзінде Қазақстан Өндіруші өнеркәсіптер қызметінің ашықтығы бастамасының (EITI/ӨӨАБ) барлық талаптарына сәйкес ел мәртебесін алды. Сорос-Қазақстан қоры ӨӨАБ бойынша жобаларды 2004 жылдан бері қолдап келеді және ӨӨАБ Халықаралық Бастамасының осы шешімен қуана қарсы алып, барлық мүдделі тараптарды жеткен жетістікте тоқтап қалмай, Қазақстанда ӨӨАБ дамытуды жалғастыруға шақырады.

ӨӨАБ – өндіруші өнеркәсіптердің табыстарының ашықтығын қамтамасыз етуге көмектесетін халықаралық деңгейде жасақталған жаһандық стандарт. Осы бастаманы жүзеге асыру өндіруші компаниялардың мемлекеттік бюджетке жасаған төлемдерін және табиғи ресурстарға бай ел үкіметімен алынған пайда туралы ақпаратты жариялауды қарастырады. Бастама аясында өндіруші ком-

паниялар қызметін жүзеге асыратын елде үкіметке және мемлекеттік компанияларға жасайтын салықтық және салықтық емес төлемдердің көлемі туралы ақпаратты ашып көрсетуі керек, ал осы елдердің үкіметі алған табыстары туралы есепті жариялаулары керек. Ал тәуелсіз үшінші жақ табыстары көрсетілген осы ақпаратты үкімет тарапынан берілген мәліметтермен салыстырып, қорытынды есеп жариялайды.

Қазақстан Республикасы ӨӨАБ-на 2005 жылы қосылды. Ал 2006 жылы осы бастаманы жүзеге асыру үшін Парламент депутаттары, мүдделі мемлекеттік құрылым, өндіруші компания өкілдері, сондай-ақ, үкіметтік емес ұйым өкілдері кірген Мүдделі тараптардың Ұлттық кеңесі (МТҰК) құрылды. Қазақстанның ӨӨАБ қосылған өткен 8 жыл ішінде МТҰК көпжақты диалог ұйымдастыруда және өндіруші компаниялардың мемлекетке төлемдері туралы есептерді тұрақты түрде жариялауда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді.

Дәйексөз

Таня Бурдет, «Қоғамдық қатысудың халықаралық Қауымдастығы /International Association for Public Participation (IAP2)» ұйымының сарапшысы (Ұлыбритания):

«Қоғамның қатысуы көптеген елдер қабылдаған немесе қабылдауға тырысып жатқан негізгі демократиялық қағидалардан тұрады. Бұл мәселеге мемлекет тарапынан болсын, азаматтық қоғам тарапынан болсын жан-жақты келуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде, азаматтық қоғам шешімдердің олардың қажеттіліктерін көрсете алатынын түсінеді, ал компаниялар қауіптерін бағалап, оларды оңай басқарады, қызметінде тиімді және әрекетшіл болады. Үкімет осы процестерге азаматтарды кең тарту арқылы олардың демократиялық құқықтарын жүзеге асыруға көмектеседі».


2005 жылдан бері ӨӨАБ
бойынша барлығы
дайындалған есептің саны

7

2005 жылдан бері ӨӨАБ бойынша барлығы 7 есеп дайындалды. Ақпараттарды жариялау шикізат секторынан түскен табыстарды басқару арқылы ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етуге көмектеседі, сонымен қатар, азаматтардың қоғамдық маңызы бар ақпаратты алу құқын қамтамасыз етіп, табиғи ресурстардан түскен табыстарды басқарудың тиімділігін арттыруға көмектеседі және инвестициялық ортаға жағымды әсер етеді.

ӨӨАБ-ның талаптарына сәйкес елдердің мәртебесін растау барлық мүдделі тарап өкілдерінің ұлттың деңгейде тиімді әрекеттесуінің салдарынан мүмкін болды. 2013 жылы Қор Ұлыбританияның Қазақстандағы елшілігімен бірлестікте, атыраулық «Қазақстанның тәуелсіз ұрпағы» ҚБ-мен және «Заман» Батыс Қазақстан облысының өндірушілерінің Қауымдастығымен ұсынылған жобаға қолдау көрсетті. Жоба - жергілікті деңгейде билік және бизнес өкілдерінің халықпен ынтымақтастықты дамытуына бағытталды.

Сертификатталған бес күндік тренинг қоғамдық бірлестік өкілдеріне өндіруші компаниялардың әлеуметтік инвестициялық жобалар бойынша қоғамдық кеңестерді құру және олардың жұмысын қолдау бойынша жергілікті атқарушы орган, компания, халық, БАҚ, ҰЕҰ және мүдделі тараптардың бастамасымен жұмыс істеу туралы заманауи және тиімді жұмыс инструменттері туралы білімін көтеруге мүмкіндік берді.



Тренингке Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарының ҰЕҰ өкілдері қатысты. Тренингті қазақстандық азаматтық сектормен жұмыс істеу тәжірибесі бар, «Қоғамдық қатысудың халықаралық Қауымдастығы/ International Association for Public Participation (IAP2)» (Ұлыбритания) ұйымының белді сарапшыларының бірі Тания Бурдет жүргізді.

«Осындай оқыту мен білім беру бағдарламалары үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін арттыруға және қоғам, мемлекеттік орган мен бизнес құрылымдар арасында одан әрі конструктивті диалог орнатуға негіз бола алады. Тренинг ҰЕҰ көшбасшыларына жергілікті деңгейде шешім қабылдау процесіне халықтың қатысуының халықаралық стандарттарымен танысуға ғана емес, сонымен қатар, алынған білімді өз аймақтарымызда қолдануға мүмкіндік береді», – дейді «Қазақстанның тәуелсіз ұрпағы» ҚБ-нің директоры Ұлықбек Тінәлиев.

III. АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК

Азаматтық белсенділік, бұл – ең алдымен, қоршаған ортаға деген жауапкершілік қарым-қатынас, өз ойларыңды жүзеге асыру мүмкіндігі. Бұл ретте, азаматтардың әл-ауқатына мемлекет қана жауапты болмай, азаматтар пассивті бақылаушылар рөлінен қоғамның белсенді мүшелеріне айналады. Ал экономика болса өз-өзіне сенімді, жауапты және креативті азаматтар санының артуынан дамуға қосымша күш алады.

Осындай әдісті қалыптастыруға Қордың «Жастар бастамасы» бағытталған. Осы бағдарламаның гранталушылары мен серіктестері өздерін қоршаған әлемді жақсы жаққа өзгертуге талпынған бей-жай емес, іскер жас азаматтар болып табылады. Бұл үшін олар сан түрлі әдістерді қолданады:

бірі қатарластарын ойға салатын «Әр кезде шешім бар!» сынды әлеуметтік кино түсірсе, екіншілері тұратын әлемімізді біз қалай өзгертетінімізді көрсететін фотосуреттерге жүгінеді, ал үшіншілері – қатарластарына тәжірибелік көмек көрсететін тренингтер ұйымдастырады.

Әдетте, азаматтық белсенділіктің ұстанушылары ретінде, әсіресе, аймақтарда шағын, бірақ сұранысы зор аудиториямен жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдар шығады. 2012-2013 жылдары аралығында Қор осы ұйымдардың әлеуетін дамытуға бағытталған бірқатар жобаларға қолдау көрсетті, сол арқылы қоғамның әлеуеті үшін одан әрі тиімді қызмет көрсетуіне көмектесті.

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ДАМУ БОЙЫНША БАСТАМАЛАР

2012-2013 жылдары азаматтық қоғамды даму бойынша тұжырымдама азаматтық қоғамның әлеуетін даму және олардың ролін одан әрі арттыру үшін қалыпты жағдай орнатуға бағытталған. Бастаманың негізгі бағыттарының бірі аймақтық ҰЕҰ даму болып табылды. Жоба әрекет еткен екі жыл ішінде Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Оңтүстік Қазақстанды қамтыды. Бастаманың серіктестері болып «Зубр» ӘКҚ, SMEDA ҚҚ, «Береке» ҚБ және «Экоцентр» табылды.

Әр ресурстық орталық аймақтық ҰЕҰ арасында олардың оқытуға қажеттіліктері туралы алдын ала сараптама жүргізді. Алынған мәліметтер өңделіп, бір жүйеге келтірілгеннен кейін қажетті тренингтер бойынша жұмыс жоспары дайындалып, соңынан шағын жобалар байқауы өткізілді.

Осы қызмет нәтижесінің жағымды мысалы ретінде «Созақ жастары» ҚБ-нің басшысы Біржан Саржановты алса болады. Бастапқы кезде Біржан көптеген ұйымдастырушылық кедергілерге тап болды. Алайда қиындықтарға қарамастан, Біржан тобымен шағын жобалар байқауына инициативті топ ретінде қатысты. Дайындалған жоба Созақ ауданында мүмкіндігі шектеулі жандардың құқы алға жылжытуға бағытталды. Бүгінде «Созақ жастары» ҚБ ауыл жастарын даму саласында тиімді әрекет ететін ұйым болып табылады. Сонымен қатар, жаңадан ашылған үкіметтік емес ұйымдарына ақпараттық-реурстық қызмет көрсетеді.

Азаматтық қоғам бастамаларын даму тұжырымдамасы аясында Қор басылым сандарын арттыруға және ҰЕҰ-дың әлеуетін даму саласында олардың сапасын жақсартуға бағытталған брошюраларды, әдістемелік құралдарды ба-



Арнайы бастама жұмыс
істеген 2 жыл ішінде бөлінген
гранттардың саны

50

сып шығаруға қолдау көрсетті. Осы ретте, «СПИД Шығыс-Батыс қоры» (AFEW) шығарған Қазақстанда алғаш ҰЕҰ-дың ұйымдастырушылық даму мәселесіне арналған әдістемелік кеңестерден тұратын жинақты бөліп атауға болады. Жинаққа «Бастамалық топтан кәсіби ұйымға дейін» және «ҰЕҰ стратегиялық жоспарлау» тәжірибелік құралдары енді.

Аймақтардағы бірқатар тренингтерден өзге, Бастама екі жыл бойы ҰЕҰ-ның жалпы құрылымдық дамуы бойынша өткізілген семинар, тренинг, сынақ іс, қысқамерзімді курс және өзге оқыту бағдарламалары бойынша жол жүру гранттары бойынша байқау өткізді.

2013 жылы жол жүру грантарына сұраным берушілері тарапынан Санкт-Петербург үкіметтік емес ұйымдарды дамыту орталығымен (ҰЕҰДО) өткізген Фандрайзерлер Мектебіне үлкен қызығушылық тудырды. Қор Қазақстанның барлық аймақтарынан 100-ден астам сұраным алды.

Сонымен қатар, 2013 жылы Қор жаңа көшбасшыларды дайындау және ресурстық орталықтарды дамыту мәселелеріне назар бөлді. Осы мақсатпен ҰЕҰДО-на кәсіби үкіметтік емес ұйым өкілдерінің сапары ұйымдастырылды. Осы сынаққа қатысу үшінші сектор қызметі туралы жаңа және тың ақпаратты алуға, алдыңғы қатарлы әлеуметтік технологияларға қолжетімділік туралы, РФ мен ТМД елдерінде танымал және мықты үкіметтік емес ұйымдарының тәжірибесі мен жұмысымен танысуға мүмкіндік берді. Алынған білімді айтарлықтай деңгейде бейімдеп, еліміздің үкіметтік емес секторын дамытуға пайдаланса болады.

Құқыққорғаушы және журналист, [«Кавказский узел»](#) интернет-басылымының бас редакторы Григорий Шведовтың «Әлеуметтік маркетинг – қоғамды

тиімді тарту үшін технологиялар» атты екі күндік шеберлік сыныбы халықтың түрлі мақсаттық топтарымен әрекеттесу, ұйымға сенімді күшейтіп, жаңа жақтастарды тартқысы келетін үкіметтік емес ұйымдарының, қоғамдық топтарының, қайырымдылық қор өкілдерінің үлкен қызығушылығын тудырды.

Барлығы мастер-класс жұмысына шамамен 15 ҰЕҰ қатысып, ал тренинг нәтижесінде үш жоба Қор қолдауына ие болды. Олар: «Қарағанды қаласында онкологиялық ауруларды ерте бастан емдеудің тиімділігі туралы халықтың ақпараттану деңгейін көтеру саласында ақпараттық кампания» («Адамгершілік» паллиативтік және әлеуметтік көмек көрсету жастардың еріктілер отралығы» ҚБ), «Біз кездестік» («Альрами» клубтық үй» ҚБ) және «Денсаулыққа құқық – өмірге құқық» («Аман-саулық» ҚҚ) жобалары.

БАҚ және ҰЕҰ өкілдері үшін ғаламторда қоғамдық маңызы бар жобаларды алға жылжыту бойынша Бастаманы қолдау үшін «Азаматтық қоғам үшін веб-жобаларды алға жылжыту технологиялары/әдістері» және «Азаматтық қоғам үшін интернет маркетинг негіздері», «Қоғамдық маңызы бар жобаларда SEO (іздеу жүйелері үшін бейімдеу) және әлеуметтік желілерді (SMM) қолдану», «Іздеу жүйелерін және әлеуметтік желілерді сайттарды жылжыту үшін қолдану, сайттарды іздеу жүйелері мен әлеуметтік желілер үшін бейімдеу» атты тақырыптарға екі тренинг өткізді. Жобалар «MediaNet» ҚҚ-мен жүзеге асырылды. Алынған сұранымдардың санына қарағанда (Қазақстан бойынша 180-нен астам), бұл тренингтер қажет және маңызды екендігін көрсетті.

Тренингтерге Қазақстанның түрлі аймақтарынан 12 БАҚ және 23 ҰЕҰ-нан 40 адам қатысты. Тренингтен соң «Не хабар?!» газетінің тілшісі **Рысгүл Рамазанова** газет сайтында дайыдауға және оны **SEO бейімдеуге кірісіп кетті**, сонымен қатар, Facebook және V Kontakte әлеуметтік желілерінде бүгінде 500 оқырманы бар парақшалар ашты. **«Көмектес» ҚҚ мен «Құқықтық медиа орталық»** өкілдері алған білімдерін ресми сайттарын жаңалауда пайдалануда. «Қостанай жаңалықтары» газетінен **Сергей Хандюков** әлеуметтік желілерді жылжыту стратегиясын жасап, жаңаланған газет сайтына SEO бейімдеумен айналысуда.

ӘЛЕУМЕТТІК ӨНЕР ЖӘНЕ ЖАСТАР

Әлеуметтік өнер өзінің ауқымдылығы, қарапайымдылығы, түсініктілігі, тереңдігі мен әсерлілігіне байланысты жастарға өте жақын жанр болып келеді. Сорос-Қазақстан қоры бірнеше жылдан бері әлеуметтік өнер мен шығармашылық бойынша байқауларды жемісті өткізуде. Байқаулардың мақсаты әлеуметтік мәселелерді шешуде жастарды өз көзқарасын білдіруге шақыру, оларды шешуде өскелең ұрпақтың рөлін өнердің түрлі жанры арқылы көрсетуге талпындыру. Осы ретте жастар өздері үшін маңызды болып табылатын қоғамдық мәселелер мен тақырыптарды өздері таңдайды.

2013 жылы қысқаметражды әлеуметтік кино байқауына шамамен 70 сценарий келіп түсті, соның арасынан бағдарламаның Сараптамалық Комитеті **Серік Әбішевтің «Құрылысшылар»** және **Глеб Пономаревтің «5000 теңге»** анимациялық сағасын таңдап алды.

«Құрылысшылар» фильмінде автор әлеуметтік әділетсіздік,



халықтың шынайы өмірі мен биліктің әкімшілік жүйесіндегі айырмашылықты, қиын өмірлік жағдайға тап болған жастардың осалдығы мен қиындықтарын көрсетеді. Кино бірнеше шетелдік кинофестивальдерде оң пікірлер алды.

«5000 теңге» анимациялық аңызы ақша оны пара ретінде пайдаланған кезде не «сезінеді» деген сауалға жауап беруге тырысады? Сюжеттің барысында көрерменнің көз алдында бес мыңдық қағаз ақшаның тұтастай өмірі бейнеленеді.

Сонымен қатар, 2013 жылы **«Елес»** және **«Менің қолымнан ұста»** атты қазақ тілінде екі картина түсірілді. Алғашқысы аз қоныстанған шалғай елді мекендерде тұратын және экологиялық апатқа ұшыраған жасөспірімдер; күнделікті өмір мен болашақтары; биологиялық қаруға қатысты ғылыми зерттеудің салдары; білім алуға құқықтары сынды бірқатар келелі мәселелерді қамтиды. «Менің қолымнан ұста» фильмінде қан ісігіне шалдыққан жасөспірім мен орта жас дағдарысына тап болған шенеунік екеуінің бір-біріне өмірдің мәнін табуға, нәтижесінде өмірдің өзін табуға көмектесу сәті көрсетілген.

Дәйексөз

«Қазақстан – көлемі үлкен ел. Сапарға шықпастан бұрын, еліміз туралы бәрін білемін деп ойлап едім. Алайда, мені әр қадам сайын жаңалық күтіп тұрды. Ескі және жаңа фотосуретті бір қағазда біріктіру аса қиынға соғады. Ең қиыны ескі фотосуретте бейнеленген ғимаратты не көшелердің қиылысын іздеп табу болды. Мұражай қызметкерлері картадағы керекті жерді әрдайым дөп басып көрсете алмайтын, ал өткен-кеткендер көбіне көшелердің ескі атауларын білмейтін. Өз жұмыстарым арқылы мен қоғамда еліміздің архитектуралық мұрасында болып жатқан өзгерістер туралы диалог орнатуға тырыстым, оның бүгінгі таңдағы мағынасын ой елегінен өткізгім келді. Ол қолымнан келді деп сенгім келеді», – дейді көрменің авторы **Илья Мартынов**.

Көрме жұмыстарымен келесі [сілтеме](#) бойынша таныса аласыздар.

«Тенгри Умай» галереясында Сорос-Қазақстан қорының қолдауымен ұйымдастырылған «Ақиқаттардың өзара тұтасуы» бірегей фотосуреттер көрмесі қоғамға елдің бұрынғы сәулеттік бейнесінде орын алған және қазіргі кезде орын алып жатқан өзгерістерді көрсетуге, оның бүгінгі күн үшін маңызына қайта баға беруге бағытталған. Ол үшін қалалардың орасан зор фактологиялық материалы дайындалып, республикалық және өлкетану мұражайларында сақтаулы тұрған, көрме авторының еліміздің әр бұрышынан жинап әкелген мұрағаттық фотосуреттер, ғимараттардың суреттемелері мен қол жазбаларынан тұрады.

Материал Қазақстан бойынша 18 426 км жалпы қашықтыққа 38 күндік сапар шегу кезінде жинақталған болатын. Фотосуреттерді өңдеу процесі 8 айға созылды. Нәтижесінде көрмеде коллаж және бейнелерді бір-бірімен қабаттастыру техникасы бойынша орындалған 117 еңбек ұсынылды. Әр суретте Қазақстанда соңғы 50 жылда орын алған өзгеріс көрсетілді.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ АДАМДАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Ресми деректерге сәйкес бүгінде елімізде ерекше қажеттіліктері бар шамамен 570 мың адам тіркелген, олардың ішінде 17 мыңы немесе 3% жұмыспен қамтылған. Елімізде жалпы жұмыс орнының 3%-на ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамту квотасы қарастырылған «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңы 2005 жылдан бері әрекет ететіне қарамастан, іс жүзінде бұл көрсеткішті өте аз ұйымдар мен мекемелер орындауда. Осы ретте айта кететіні мүмкіндігі шектеулі азаматтардың жалпы санынан 70% жұмыс істегісі келеді және істей алады.

Айтылған мәселелердің кең таратылған себебі түйіндеме жазу, сұхбаттасудан өту және еңбек келісімшартына отыру бойынша кәсіби машықтардың жоқтығы болып табылады. Бұл машықтарды арнайы қосымша курстарда толтыруға болады, бірақ ерекше қажеттіліктері бар адамдардың артық қаражаттары бола бермейді. Сорос-Қазақстан қоры осы мәселеге көп көңіл бөле отырып, 2013 жылы «Жастар бас-тамалары» бағдарламасы аясында ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтуға бағытталған бірнеше жобаларды қолдады.



Осылайша, «Жігер» ерекше қажеттіліктері бар адамдардың жастар ұйымы» **«Мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік бейімделуі бойынша Американдық үлгіні насихаттау»** бағдарламасы аясында жұмыспен қамту, ақпаратқа және инфрақұрылымға қолжетімділік, Қазақстанның түрлі аймақтарында ерекше қажеттіліктері бар адамдардың әлеуетін күшейту бойынша бірқатар тренингтер мен семинарлар өткізді. Тренингтер аясында АҚШ-тың ерекше қажеттіліктері бар американдықтар туралы заңы (ADA – Americans with Disabilities Act) қабылданғаннан кейін ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамту тәжірибесі қолданды. Семинарлар мен тренингтерді АҚШ-тан мүгедектік және әлеуметтік бейімделу саласындағы халықаралық үш сарапшы жүргізді, олардың екеуі зағип жандар. Бұл шараларда Қазақстанның түкпір-түкпірінен 20 жастан 35 жасқа дейінгі 30 жас қыз-жігіттер, сонымен қатар жеке және мемлекеттік сектордан әлеуетті 20 жұмыс беруші қатысты.

«Қазақстанда ерекше қажеттіліктері бар адамдар әлі күнге дейін көптеген мәселелерге тап болады. Бұл транспорт және байланыс, сапалы ем алу, білімге қол жеткізу және әрине, жұмыспен қамту мәселелері. Біздің ұйым бес жыл бойы ерекше қажеттіліктері бар жастардың қоғамның түрлі салаларына енуі мәселелерімен айналысуда. Біз бәрінен де артық толыққанды бейімделу жұмысқа орналасқан жағдайда ғана болатынын білеміз. Жұмыс табыс көзі ғана емес, өз өзіңді табу жолы болып табылады», – дейді ұйым президенті **Пархат Юсупджанов**.

Осы мәселеге өзіндік үлес қосуға бел буған ОҚО тұрғыны **Олеся Ли** «Жастар бастамалары» бағдарламасының қолдауымен, есту қабілеті төмен ба-

лалар арасында кәсіби машықтарға оқыту бойынша жобаны жүзеге асырды.


«Жобаның негізгі мақсаты есту бұзушылықтары бар ОҚО жастарын, сонымен қатар әлеуметтік желі қолданушыларын түйіндемені қалай жазу керек, сұхбаттасудан қалай өту керек және еңбек келісімшартына қалай отыру керек деген тақырыптарына білім беру тренингтеріне тарту болып табылды. Бұл үшін тренинг өткізіп, осы мәселелер бойынша бірқатар роликтер дайындау туралы шешім қабылданды», – дейді **Олеся**. Оның сөзінше, *«роликтер арқылы есту бұзушылықтары бар жастар сұхбаттасудан сәтті қалай өту, жақсы түйіндеме дайындау, өз және жұмыс берушінің еңбек міндеттерін дұрыс жазу туралы мәліметтер алады».*

Аталған жоба аясында ОҚО жастарды жұмыспен қамту бойынша жұмыс атқаратын жергілікті ұйыммен бірлестікте облыстың бірқатар ауданында білім беру тренингтері өткізілді. Алғашқы тренингті саңырау жастарға арналған №1 интернаттың оқушылары өтті. Тренингті **«Қазақстанның жастар ақпараттық қызметі»** ҚҚның тренерлері **Гүлшат Мухитдинова** және **Татьяна Нагаева** өткізді. Сурдоаудармашы **Хайриддин Шахабудиновтың** арқасында ақпарат бенефициарлар үшін түсінікті ым тілінде жеткізілді. Бұл мектепте үш түрлі топқа үш тренинг өткізілді. Ал ОҚО Леңгер ауылындағы есту қабілеті төмен №2 мектеп интернатта екі сағаттық тренинг өткізілді. Оқыту барысы презентация арқылы көрсетіліп отырды. Барлығы тренингке 113 адам қатысты – №1 интернатынан 76 оқушы және №2 интернаттан 37 оқушы.

Оқыту видеобаяндарды [Интернеттен](#) көруге болады.

СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ АЯСЫНДА БӨЛІНГЕН ГРАНТТАРДЫҢ САНЫ.

Барлығы: 238



ҚАРЖЫ ЕСЕБІ

2013 жылға бөлінген қаражат

Бағдарламалар	Сума (теңге)
«Шекарасыз Шығыс-Шығыс» бағдарламасы	14 344 663
«Құқықтық реформа» бағдарламасы	204 178 970
«БАҚ-ты қолдау» бағдарламасы	44 383 693
«Жастар бастамасы» бағдарламасы	68 903 720
«Мемлекеттік қаржының ашықтығы» бағдарламасы	134 671 475
Өзге бағдарламалық шығыстар	14 785 826
Әкімшілік шығыстар	170 549 633
Барлығы:	651 817 980



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестік
050051 Алматы, Достық д-лы 180,
Тел./факс 8 (727) 298-08-98, 298-07-08

ТОО «КПМГ Аудит»
050051 Алматы, пр. Достык 180
E-mail: company@kpmg.kz

Отчет независимых аудиторов по обобщенной финансовой отчетности

Руководству Корпоративного Фонда «Благотворительный Фонд Сорос – Казахстан»

Прилагаемая обобщенная финансовая отчетность, состоящая из обобщенного отчета о финансовом положении по состоянию на 31 декабря 2013 года, обобщенных отчетов о прибыли или убытке и прочем совокупном доходе, изменениях в балансе Фонда и движении денежных средств за год, закончившийся на указанную дату, и прилагаемого примечания, является выдержкой из аудированной финансовой отчетности Корпоративного Фонда «Благотворительный Фонд Сорос – Казахстан» (далее, «Фонд») по состоянию на и за год, закончившийся 31 декабря 2013 года. Мы выразили безусловно-положительное аудиторское мнение по указанной финансовой отчетности в нашем отчете от 21 апреля 2014 года.

Обобщенная финансовая отчетность не содержит всех раскрытий, требуемых Международными стандартами финансовой отчетности. Следовательно, прочтение обобщенной финансовой отчетности не заменяет прочтения аудированной финансовой отчетности Фонда.

Ответственность руководства Фонда за обобщенную финансовую отчетность

Руководство Фонда несет ответственность за подготовку обобщения аудированной финансовой отчетности в соответствии с основными принципами, описанными в Примечании 1.

Ответственность аудиторов

Наша ответственность заключается в выражении мнения по обобщенной финансовой отчетности на основании наших процедур, которые проводились в соответствии с Международным стандартом аудита (ISA) 810 «Соглашения по предоставлению отчета по обобщенной финансовой отчетности».

Мнение

По нашему мнению, обобщенная финансовая отчетность, являющаяся выдержкой из аудированной финансовой отчетности Фонда по состоянию на и за год, закончившийся 31 декабря 2013 года, согласуется, во всех существенных отношениях, с указанной финансовой отчетностью в соответствии с основными принципами, описанными в Примечании 1.

ТОО «КПМГ



ТОО «КПМГ Аудит»

21 апреля 2014 года

«КПМГ Аудит» ЖШС, Қазақстанда тіркелген және KPMG Еуропа LLP бақылаушыдағы жауапкершілігі шектеулі серіктестік; Швейцария заңнамасы бойынша тіркелген KPMG International Cooperative («KPMG International») заңдастығына кіретін KPMG тәуелсіз фирмалар желісінің мүшесі.

ТОО «КПМГ Аудит», компания, зарегистрированная в соответствии с законодательством Республики Казахстан и находящаяся под контролем KPMG Еуропа LLP, член сети независимых фирм KPMG, входящих в ассоциацию KPMG International Cooperative («KPMG International»), зарегистрированную по законодательству Швейцарии.

(с) Сорос-Қазақстан қоры

Алматы, 050000, Қазақстан, Желтоқсан көш., 111 а, 9-кеңсе

www.soros.kz

Facebook/Twitter: SFKazakhstan

«Легион Pro» баспасында басылды.

Таралымы: 100 дана

Есепте Қор гранталушыларының, «Қазақстан ірі планмен - 2013» байқауының жеңімпаздарының және Shutterstock жүйесіндегі суреттер пайдаланды.

